

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	.....
1 Туризм және ішкі туризм индустриясының дамуының теориялық негіздемесі мен Қазақстандағы туризм индустриясының құрылымы	
1.1 Туризм туралы түсінік және ішкі туризм индустриясының даму мәселелерінің теориялық негіздемесі	
1.2 Қазақстан жеріндегі алғашқы саяхаттар және туристік ұйымдардың құрылуы	
1.3 Қазақстандағы қазіргі таңда кездесетін туристік аймақтар мен туризм индустриясының құрылымы	
2 Қазақстандағы ішкі туризмнің қазіргі жағдайының негізгі туристік аудандарын және «Амарі Тур» туристік фирмасының қызмет көрсетуін экономикалық талдау	
2.1 «Амарі Тур» туристік фирмасының сипаттамасы мен қызметінің ұйымдастырылу құрылымына экономикалық талдау жасау	
2.2 Қазақстандағы ішкі туризмнің қазіргі жағдайы және негізгі туристік аудандарын талдау	
2.3 Қазақстанның қазіргі экономикасында ішкі туризмнің рөлі	
3 Қазақстан Республикасындағы ішкі туризмнің даму болашағы	
3.1 Қазақстан Республикасындағы туристік кешенін басқару, туризмді дамыту стратегиясы және мақсаттары мен қағидалары	
3.2 Туризм дамуының алаңдану концепциясын құрастыру және туристік ресурстарды дамытудағы мәселелер, жасалып жатқан шаралар, ұсыныстар	
Қорытынды.....	.....
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	.....

Кіріспе

Жұмыс барысында Қазақстанның ішкі туризмін мына тұстардан қарастырды:

- ішкі туризм индустриясының даму мәселелері;
- Қазақстанның ішкі туризмнің қазіргі жағдайы;
- Қазақстанның ішкі туризм саласының даму мүмкіндіктері;
- ішкі туризмнің дамуының аяғы шарттары;
- Қазақстанда қазіргі кезде кездесетін туристік аймақтар;

Жұмыстың негізгі мақсаты мынандай бөліктерден тұрады:

- Қазақстандағы ішкі туризм дамуының мүмкіншіліктерін қарастыру;
- Қазақстанның ішкі туризм саласының даму мүмкіндіктерін қарастыру;
- Қазақстанның ішкі туризмнің қазіргі жағдайына шолу жасау;
- ішкі туризм дамуының аяғы шарттарын белгілеу;

Бітіру жұмысы негізінен, мазмұны, кіріспе, үш бөлім мен қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 70 бет.

Жыл сайын көрме алаңдары ұлғаюда, республиканың туристік ұйымдарының өкілдіктері кеңеюде, жарнамалық – ақпараттық өнімнің сапасы артуда. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінде Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінде 2004 жылы қарашада Қазақстанның бірінші туристік өкілдігі ашылды. Бүлдірелдік туристік ұйымның іс шаралары күнтізбесіне енгізілген KITT – Қазақстан халықаралық жарме көрмесі Алматы қаласында, «Белуха» халықаралық туристік фестивалі Шығыс Қазақстан облысында жыл сайын өткізіледі. 2005 жылы KITT жарме көрмесіне әлемнің 23 елінен 200-ден астам компания қатысты, ал 2009 жылы оның экспоненттері 30 елден 450 компания болды. Сонымен қатар негізгі мақсаты туристер ағымның елдің орталық және солтүстік өңіріне тарту, ел ордасы – Астананың үшінші мыңжылдық қаласы ретінде көрсеткіш қалыптастыру болып табылатын «Астана - Демалыс» халықаралық Қазақстандық туристік көрме жыл сайын өткізіліп тұрады.

Бүгінде республика іс жүзінде туризмнің қолданыстағы барлық түрін ұсынып отыр. Туристік кластерді дамыту шеңберінде республикада туризмді дамытудың іскерлік, экологиялық, мәдени - танымдық, сондай-ақ шұғыл түрлері сияқты басым бағыттары айқындалады.

Елде әртүрлі туристік қызмет көрсетулерде қазақстандық және шетелдік азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға кең мүмкіндікті қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешеннің жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасалуда, ұлттық туристік өнімнің сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар әзірленіп қабылданды.

Қазақстан Республикасы аумағында туристік ұйымдарды дамыту

Қазақстан Республикасында туризмнің материалды-техникалық базасын дамытуға инвестициялар тарту үшін жағдайлар айқындалды, ішкі туризмді дамыту көлік инфрақұрылымын дамытумен тікелей байланысты. Елімізге туристер көбінен әуе көлігімен келеді. Ішкі туризм мақсатында көбінен әуе автожол көлігі пайдаланылады. Жыл сайын республикалық маңызы бар жолдар

тізбесі толықтырылып, олардың құрамында ірі туристік нысандарға апаратын жолдар бар.

Сырттан келушілер туризмі мен ішкі туризм көлемін ұлғайтудың негізгі факторлардың тармақталған көлік желісін дамыту және жолаушылар тасымалының барлық түрлерінің географиясын кеңейту болып табылады. Осыны ескере отырып, ұлттық тасымалдаушы «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы мен «Жолаушылар Тасымалы» акционерлік қоғамы туризм саласындағы уәкілетті органның қолдауымен 2002 жылдан бастап Алматы – Тараз - Шымкент – Ташкент - Самарканд- Үргеніш - Бішкек – Рыбачей - Алматы бағыты бойынша «Жібек Жолы меруерті» мамандырылған презын ұйымдастыру жөніндегі жобаның бірінші кезеңін іске асырды.

Болашақта Тегеранға дейін екінші кезенді, Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономия округы арқылы Пекинге дейін үшінші кезенді жүзеге асыру жоспарлануда.

2007 жылдан бастап 2010 жылды қоса алғандағы кезеңде Қазақстан Республикасының шетелдермен туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастығының нормативті - құқықтық базасы кеңейді. Қазіргі кезде туризм саласында 26 келісім қолдануда. Жапония, Грекиямен, Франциямен, Катармен, Сауд Арабиясымен, Словениямен, Польшамен, Монголиямен, Малазиямен туризм саласында ынтымақтастық туралы келісім жобалары контрагенттерге келісу үшін жіберілген. Қазіргі уақытта БҰҰ мамандырылған мекемесі болып табылатын ДТҰ - мен ДТҰ - ға мүше елдердің туристік әкімшіліктерімен ынтымақтастық нығайтылды. Резидент елестерді ел экономикасына шетелдік валюта жығының тұрақты артуы есебінен елдің төлем теңгерімі жақсарып отырғанын айта кету керек. Бүгінгі таңға дейін туризм саласы мемлекеттік экономикада қаржылай нақты қамтамасыздандырылмаған. Осы себептермен туризм саласын дамыту кейінге қалдырылып отыр. Сонымен бірге мемлекеттік деңгейінде туризм дамуының маңыздылығы есептелген. Осыған байланысты Қазақстанда бірнеше шаралар қолданылған еді.

- туризмнің заңи негізін құра бастауы;
- жеке кәсіпкерлікті дамыту мен туризм саласына кірсанда инвестицияны тарту үшін белгілі жағдайлар жасалған;
- туристік саланы басқаратын мемлекеттік және жергілікті органдар құрылған;
- туризмге инвестицияларды дамыту жөніндегі саясаты айқындау;
- бюджеттік заңдарға сәйкес туризмді дамыту.

Осылайша, мемлекет тарапынан туризм саласына жеткіліксіз көңіл бөліп, ең алдымен, туризм өнеркәсібіне экономикалық және заңи жағдайларының жасалмауы, туристік саланы дамытқысы келмеуінен төмен тарихи, экономикалық және т.б. объективті себептермен түсіндіріледі.

1. Туризм және ішкі туризм индустриясының дамуының теориялық негіздемесі мен Қазақстандағы туризм индустриясының құрылымы

## 1.1 Туризм туралы түсінік және ішкі туризм индустриясының даму мәселелерінің теориялық негіздемесі

Қазіргі кезде адам қызметінің әртүрлі формалары бар, олар жаппы жағдай жасауға және әлемді тануға бағытталған. Халық тұрмысының жақсаруы жаңа әлемді ашуға адамның қажеттілігін, соның ішінде саяхатқа қызығарлығын арттырады. Саяхат дегеніміз – туризм.

Туризм тек орын ауыстыру емес, ол көптеген экономикалық және әлеуметтік аспектілерді құрайды. Соңғы он жылда туризм мықты дербес индустрияға айналды. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мәліметтері бойынша туризм әлемнің өндірістік-сервистік нарық айналымының 10%-ын қамтамасыз етеді. Туризм сферасына әлемдік ұлттық жиынтық өнімнің 6% ын, әлемдік инвестицияның 7%-ын, әр 16 жұмыс орны, әлемдік тұтынушы шығындарының 11%-ын, барлық салық түсімінің 5% келеді. Бұл сандар туризм индустриясының экономикаға тікелей әсерін көрсетеді.

Туризм түсінігіне теориялық және практикалық тұрғыдан нақты анықтама берілуі керек.

Көптеген авторлар туризмге толық анықтама беруге тырысты. Әр пікір өзгеше болып табылады және бұл терминнің көптеген өлшемін көрсетеді. Алайда туризмнің әр түрлі түсіндірмесін жинақтап қорыту, бестігі бір «оптимум» таңдау өте қиын.

1980 жылы Мәжіліс декларациясы «Туризм – халықтар өмірінде маңызды орын алатын әлеуметтік, мәдени, білім және экономика аударында, мемлекет өміріне және оның халықаралық қатынастарына тікелей әсер ететін қызмет түрі» (Фишплев, қазан 1980 жылы) - деп жариялады. 1993 жылы БҰҰ-ның статистикалық комиссиясы туризмге кең анықтама берді: «Туризм – бұл өзінің тұрғылықты жерінен басқа жерде болатын, бір жылдан аспайтын уақытта демалу, іскерлік және басқа да мақсаттарда саяхаттайтын тұлға қызметі».

Халықаралық туристік Академия баспасында берілген анықтамада (Монте Карло): туризм – көңіл көтеру, демалу немесе емделу үшін жалу немесе қандай да бір транспорт түрімен жасалатын саяхат.

П.Г. Олдақтың пікірінше, қазіргі ғылыммен жинақтап айтқанда: «Туризм- бұл өмір сүрумен және жұмыс орнын ауыстырумен байланыссыз халықтың қозғалысы, демалу, емделу, ғылыми іскерлік және мәдени кездесулер мақсатында саяхаттау» - дейді.

Туристік қызмет саласындағы қатынастарды реттеу.

Қазіргі күнге дейін «туризм» түсінігінің көпшілік қабылдаған нақты анықтамасы жоқ. Жоғарыда келтірілген анықтамалар оның тек кейбір жақтарын қамтиды. Бірінші анықтамада әлеуметтік және экономикалық жақтарды, ал екіншісінде – әлеуметтік және құқықтық жақтарды (адам уақытын есептеуге арналған туризмнің шектелген уақыты) көрсетілген.

Туризмнің әлеуметтік жақтарының басым болуы бақыланып отыр, бұл адамдардың қозғалыс – экономикалық өмірін әлеуметтендіру тенденциясымен түсіндіріледі. Бұрынғы ҚСРО кезінде тіршілік деңгейінде барлық әрекеттің

әлеуметтік аспектісі алдыңғы орында болды. Туризмде бұл мағына айтпаса да түсінікті. Профсоюз жолдаманың өзі талап немесе арзан бағаман және көрсетілген қызметті тегін ұсынып отырды[1].

Қазір «туризм» терминін кең және терең түрде түсіндіру керек. Біздің ойымызша туризм анықтамасы екі бағытта беріледі:географиялық және экономикалық. Туризм географиялық тұрғыдан сұраныс және ұсыныстың кеңістік – территориялық қолданылу негізін білдіреді. Экономикалық тұрғыдан туризм сұраныс және ұсыныстың тұтынушылық шаруашылық негізі.

Туризмге экономикалық тұрғыдан бірнеше анықтама берілген:

Г.А. Папирян,туризм ол қызметтер жиынтығы,оларды тұтыну барысында ғана байқауға болады және ол өндірістік өнім сияқты жүйелі түрде ұдайы өндірілмейді.

П.В. Шульгиннің ойынша, қазіргі туризм анықтамасы 2 көзқарасты көрсетеді. Оның бірі туризм индустриясы – халық шаруашылығы құрылымында ерекше саланың қалыптасуы. Ол барлық келушілерге сұраныстарын қанағаттандыру үшін маманданған бірқатар өндірістік қызметтер мен қызмет көрсету мекемелерінің жиынтығы. Екіншісі, туризмді дербес салаға бөлу. Егер туристік мекемелерге қатысты туризмнің өзіне тән ерекше ұсынысының ортасы болса, онда бұл қызмет туризмді дамыту және ұйымдастыру ережеліміздеріне байланысты болады.

Біздің ойымызша, туризмнің экономикалық мәніне нақты анықтама «қазіргі туризмнің экономикасы» жүйесінде берілген: «Туризм қызмет және тауар нарығының бөлігі болып табылады». Сұранысқа иша және халықаралық туристік нарық жатады, ал ұсынысқа транспорт, туристік керікті жерлер және бос уақыт түрі, туристік нысандар, қызмет көрсету жүйесі және инфрақұрылымы, сондай-ақ жарнамалық анықтамалық қызмет жатады.

Біздің ойымызша, туризм дегеніміз – рекреация, елдік, танып білу және әр түрлі қызметпен айналысу мақсатында келген елінде тұрағылықты жерін ауыстыру немесе жұмыс істеуге байланысты емес адамдардың уақытта және кеңістіктегі қозғалысы. Бұл анықтама географиялық мәнге ие.

Туризмнің негізгі түсініктерін анықтай отырып оның дамуына себепші болатын және әсер ететін факторларға тоқтаймыз (1-сурет) [1, 74-76 бет].



1-сурет. Туризмнің негізгі түсініктерін анықтай отырып оның дамуына әсер ететін факторлар

Аталған факторлар біздің мемлекетке тән және Қазақстанның әлемдік туристік бірлестікте орнын айқындайды.

Туризмнің дамуына әсер ететін негізгі факторлар статистикалық және динамикалық болып бөлінеді. Статистикалық факторларға табиғи – географиялық факторлар жиынтығы кіреді. Олардың өзгермейтін және қалпына

келмейтін мағынасы бар. Диверсикалық факторларға демографиялық, әлеуметтік – экономикалық, материалды – техникалық және саяси факторлар жатады. Олар уақытта және кеңістікте өзгертін әртүрлі бағасы, мағынасы болады.

Бұл факторлар жалпыланып айтылған және туризм негізгі аспектілерін көрсетпейді. Туризмге әсер ететін факторлар тағы да сыртқы (экзогенді) және ішкі (эндогенді) болып бөлінеді. Сыртқы факторлар туризмге демографиялық және әлеуметтік өзгерістер арқылы әсер етеді. Бұл факторлар тобына: тұрғындар жасы, жұмыс істейтін әйелдер санының өсуі және әр жанұяға кірістің өзгеруі, тұрмысты және жанұяны кеш құру, тұрғындар құрамында баласыз жанұяның көбеюі, иммиграциялық шектеулердің азаюы, төленетін іс – сапардың өсуі және жұмыс уақытының ұрлайы графигі, зейнетке ерте шығу, туризмге жағдайлардың өсуі жатады.

Аталған көрсеткіштер тура немесе жанама түрде адамның бос уақыт құрылымына әсер етеді. Бұл туризмнің дамуына объективті әлеуметтік демографиялық жағдай туғызады. Сондықтан туризмді дамыту бағдарламасын құрғанда бос уақыт бюджетін және тұрғындарының уақыт құрылымын анықтау керек.

Экзогенді факторларға:

- экономикалық факторлар;
- қаржылық факторлар жатады.

Алайда біздің ойымызша, бұл факторлар ерекшелініп тұрады және оларды бөлек қарастыру керек, өйткені олар туризмнің дамуын көбірек анықтайтын факторлар болып табылады.

Сонымен қатар экзогенді факторларға:

- саяси;
- құқықтық бақылаудың өзгеруі;
- технологиялық өзгерістер;
- транспорт инфрақұрылымының және сауданың дамуы;
- саясаттың қауіпсіздік жағдайының өзгеруі жатады;
- туристік азық – түліктік бағасы және оны төлеу тәртібі;
- келісім шартты өзгерту.

Ішкі факторлар – бұл факторлар туризм сферасына тікелей әсер етеді. Ең алдымен оларға материалды техникалық факторлар жатады. Бұл жерде біз ішкі факторлар туризмге ғана емес, туризм индустриясына да қатысты деп көрсеткіміз келеді. Себебі олар таза экономикалық көрсеткіштерге не. Мысалы, орналастыру орындарының, транспорт, тамақтану, орындары, рекреациялық сфера, жеке сауда және т.б. өсуі.

Туризм факторларын анықтап және анықталған болған соң туризм индустриясын зерттеуді бастау керек.

Туризм индустриясы экономиканың жеке саласы ретінде жоспарлы экономика жағдайында болған жоқ.

Туризм индустриясы терминінің анықтамасын берейік:

«Туризм және туризм индустриясы» түсінігі ұқсас және бір мағыналы сияқты. Ғылыми әдебиеттерде ғалымдар бұл терминге әртүрлі анықтама береді.

«Туризм индустриясы» түсінігі өте көлемді және қиын. ҚСРО кезінде оған бірінші рет П.Г. Олдан анықтама берген: «Туризм индустриясы, туризм қызметін сату және сатуға маманданған қызмет көрсетуші мекемелерімен мінделеді немесе туристердің төлеу қабілеттілік сұранысын қанағаттандыруға мамандырылған экономиканың бөлек саласы».


С.Р. Ердаубетовтың ойынша туризм индустриясы туризмнің шаруашылық деңгейіу анықтайды. «Туризм индустриясы» - таза экономикалық категория болып табылады. И.В. Зорин, В.А. Квартальнов туризм индустриясын шаруашылық құрылымның дербес звеносы деп анықтады; комплексті салалар мен бөлімдерден құралған экономикалық жүйе, олардың функциялары демалыс пен көңіл көтерудің барлық түріне қиын және әртүрлі сұранысты қанағаттандырумен шектеледі. Сонымен, «туризм индустриясы бұл табиғаттағы рекреациялық байлығына сүйенетін, сервис инфрақұрылымның барлық формалары кіретін демалу және көңіл көтеруге қоғамның сұранысын қанағаттандыратын қиын, шаруашылық, өндірістік және әлеуметтік қызметтің көркірлі жүйесі».

«Туризм және туризм индустриясы» терминнің анықтамасы жалпы қабылдағаннан бірнеше айырмашылығы болу керек. Олардың айырмашылығы теориялық бағыттың «Туризм» терминіне географиялық тұрғыдан қарау. Туризм – бұл саяхат, ал саяхат – ғасырлардан қалыптасқан түсінік, олар саяхатшы – географтармен жасалған географиялық ашылулар. Сондықтан туризм – бұл таза географиялық түсінік.

«Туризм индустриясының» экономикалық мәні бар. Индустрия сөзі үлкен өнеркәсіп деген мағынаны білдіреді (п.т. «industria»- қызмет). «Туризм индустриясы» экономикалық тұрғыдан қарау бұл саланың масштабтылығы мен тиімділігіне аз капиталдың сымдылығы және құйылған қаржының тез өтелуіне байланысты.

«Туризм индустриясының» ерекше қасиеттері: Туристік мекемелердің ресурстарға байланысты орналасуы, өндірістің маусымдылық және циклі мінезі, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымға үлкен инвестицияның міндеттілігі жатыр.

Туризм индустриясының оң және теріс жақтары оның экономикадағы және қоғамдағы орнын анықтайтын факторлардың бір бөлігі ғана. Туризм индустриясын дамытуды дұрыс түсіну үшін экономикалық саланың оң және теріс жақтарын бөліп көрсету керек. Туризм индустриясының оң жақтарын төменде көрсетілген (2-сурет) [2, 87-90 б].



## 2-сурет. Туризм индустриясының оң жақтары

Келесі суретта туризм индустриясының теріс жақтарын толық қарастырған (4-сурет) [2, 94-96 б].

Туризм индустриясының оң және теріс жақтары оның экономикадағы және қоғамдағы орнын анықтайтын факторлардың бір бөлігі ғана.

Біздің атап өткен туризм индустриясы дамуының оң және теріс жақтары тұрақты емес, олар біздің ұлттық экономикамыздың жаңа секторларының қалыптасуына байланысты өзгертіліп және толықтырылып тұрады.

## 1.2 Қазақстан жеріндегі алғашқы саяхаттар және туристік ұйымдардың құрылуы

Қазақстандағы ұйымдасқан саяхат пен ішкі туризмнің тарихы негізінен әлемдік туризмнің тарихын дәуірлеумен сәйкес келеді.

Дегенмен Қазақстан туризмнің тарихының өзіндік ерекшеліктері де бар. Қазіргі Қазақстан территориясын біздің жыл санауымызға дейін мекендеген адамдар аңшылық пен терімшіліктен өндірісті еңбекке әлемнің басқа аудандарына қарағанда көшпек көшкен. Қазақстан ғалымдардың пікірінше, біздің республикамыздағы ең көне адамдар осыдан шамамен жарты миллион жыл бұрын пайда болған. Оның негізгі дәлелі — адам қолымен жасалған еңбек құралы. Көне Қазақстандағы тұрғындардың өндірістік шаруашылығы б.д.д. III мыңжылдықта басталған.



Көне әлемнің тарихында қазіргі Қазақстан территориясын-дағы алғашқы ұйымдасқан сақаттар Баты туристік нысан - Ұлы жібек жолымен байланысты. Ал оның қалыптасуының басталуы дәуірі б.д.д. III мыңжылдықта сәйкес келеді. Б.д.д. зерттеушілер өз еңбектерінде Қытай туралы мәліметтер келтіріп, ол елге баратын жолдардың сипаттамасын берді. Кейіннен Ұлы жібек жолы аталған жолдың алғашқы бізге жеткен сипаттамасы осы. Ал бұл сипаттаманың қағазға түсуі — б.д.д. I ғасырдың аяғы. Птолемейдің өзі бұл сипаттаманы біздің заманымызға жетпеген Марк Тирскийдің шығармасынан және саудагерлердің ұрпағы Май Тицианның Евфрат өзенінің жағасындағы аралық қала Гиераполь арқылы Месопотамияны көктеп өтіп, одан әрі Мидиядағы Эхбатанға, сонан соң Каспий теңізінің оңтүстігін орай жүріп, Парфияның астанасы Гекатомпште, Маргиялық Анскияға, Бактрияға және Камед таулары арқылы (бұл Алай және Алайдан ары қыраттар болуы мүмкін) Татик өзенінің бассейніне түскен. Ол жерден Қытай астанасына барған. Кейіннен Ұлы жібек жолы деп аталған жолдың классикалық көне сипаттамасы осы. Көптеген зерттеушілер ұлы жолға бұл атауды немісі ғалымы ф. Риктофен өзінің «Қытай» деген кітабында 1877 жылы берген деген пікірді ұстанады. Дегенмен де атақты экономика тарихшысы А. М. Петровтың пікірінше, мұндай атау көне әлемде болған.

Римдіктер жібекті «серикум», ал өндірушілер мен сатушыларды «сер», яғни «жібек адамдар» деп атайды. Келешек атаудың қайдан шыққаны туралы мәліметтер К. Проплемейде де бар, онда жол Жібек еліне апаратын. Алпийан Марцелиннің «Тарихының» 23-кітабында «Сералармен қарым-қатынастағы үлкен сауда жолы» деп көрсетіледі [5].

Ұлы жібек жолының қалыптасуының ұзақ процесс ( Батыс пен Шығыс өркениеттерінің, көне әлем мен Қытайдың бірін-бірі біртіндеп тануының дәлелі. Бірнеше ғасыр, тіпті бірнеше мың жыл әлем Қыыр Шығыстағы ірі отырықшы өркениет несі Қытай жайы ешнәрсе білмеді десе де болады.

Көне заманның сақатшылары, зерттеушілері және басқыншыларының (Геродот, Аристотель, А. Македонский, Эратосфен және т.б.) ойынша б.д.д. II ғасырға дейін ойызумен (әлем) Шығыста шөл даламен аяқталады деп түсіңді.

Ал шындығында Ұлы жібек жолы қазіргі Орталық Азия территориясындағы тарамдары бұрыннан бар болатын. А.М. Петров бойынша, Алдыңғы және Орта (Орталық) Азияның бір- бірімен байланысы сонау б.д.д. III мыңжылдықтан бастау алады. Сол кездің өзінде-ақ Бадахшаннан (қазіргі Тәжікстан территориясы) Иранға көк тас (лазурит) тасылды. Кейіннен Таяу және Орта Шығысқа көгілдір ақп (бирюза), Согдианадан қызғылт сары асыл тас (сердолик) әкелінетін. Ахеменидтер дәуірінде лазурит, бирюза, сердоликтер жолы ерекше қарыммен дамыды, А.М. Петров сондықтан да Геродот — маршруттың жолдың орта азиялық бөлігін де жоюға себеп болады дейді. Бадахшан лазуриттері Месопотамия мен Сириядан да табылған. Археологиялық олжалар Тәжікстанның Орта Азия, солтүстік Үндістан, орта Шығыспен байланысының б.д.д. III және II мыңжылдықтың басында болғандығын дәлелдейді.

Қалыптасқан қарым-қатынастар бойынша Орта Азияға Үндістандан, Жерорта теңізінен, тіпті Аравиядан келуге болатын Суец мойнағы арқылы Африкаға баратын. Бадахшан лазуригі тіпті Египеттен де табылды. Орта ғасырдағы Қазақстан Жерінде ұйымдасқан саяхаттар мен белгілі бір мақсаттағы туристік нысандардың болғандығы анықталып отыр.

VI-XIV ғасырларда Ұлы жібек жолының солтүстік түркі трассасымен саудамен ғана емес, қажылық, емдік, ағартушылық мақсаттардағы да сапарлардың болғандығына толық негіз бар. Монғол-татар басқыншылығы кезінің өзінде қазіргі Қазақстан жерінде кең көлемді иеліктер арасында жақсы қарым - қатынастардың болуы хан жаушылары арқылы іске асып, оларға да демалатын, түнейтін жерлердің қажет болғаны ақиқат. Атақты саяхатшы Марко Поло қазақ жерімен өтетін жолдармен жүре келіп: «Ұлы ханның жаушысы Канбаладан қай жол арқылы шықса да олар 25 мильден кейін станцияға, оларша Ямб, бізше ат поштасы, келеді, әдемі үйлер бар. Ол қонақалық сарайлардың төсегінде құлпырған жібек көрпесімен бай, мұнда патша түсе де ұлмайтай».

Қазақстан территориясындағы ең алғашқы туристік нысандардың пайда болуы түркі тайпаларының көші-қонымен, басқыншылықпен байланысты. Қазақстанда алғашқы қазылық туризмі ұйымдастырушы Темір болды, оның атымен байланысты ескерткішті жерлер әр түрлі жылдарда түрлі әлеуметтік туризмдерді ұйымдастыруға септігі тиді. Мұндай негізгі ескерткіш — 1399 жылы Ақсақ Темірдің бұйрығымен Ахмед Яс-сауитке салынған мавзолей. Қазақстан туризмінің тарихының айрықша табыстарға көл жеткізуі жаңа дәуірде болды. Қазақстандағы туристік-индустрияның біртіндеп қалыптасуы өлкетану негізінде іске асырылды.

Қазақстанда алғаш ресми түрде ашылған ұйымдасқан туристік ұйым XX ғасырдың басында Верный қаласында Ресей тау қоғамының бөлімшесі болды, ол 1927 жылға дейін қызмет етті. Алғашқы ресми тіркілген жорық Верный қаласынан Іле Алатауына, Ыстықкөлге жасалды, оған Алматы қаласынан 17 мұғалім қатысты. Бұл жорықты 1929 жылы Г.И.Белоглазов, Ф.Л.Савин, В.М.Зионин ұйымдастырды. Бұлар тау туризмінің энтузиастары ретінде Іле Алатауына бұдан басқа бірнеше жо-рыққа мұрындық болды. Ұйымдасқан белсенді туризмнің кең таралуы Қазақстанда 1930 жылдан басталады. Осы кезде баспасызде алматылық Г.Белоглазов, В.Горбунов, И.Мысловскийлердің Кіші Алматы шыңын (теңіз деңгейінен 4376 м) бағындырғаны туралы хабар шықты. 1931 жылы Алматы қаласындағы Жетісу губерниялық мұражайында тұңғыш рет 10 адамнан тұратын туризм мен экскурсия қоғамының тобы ұйымдасты. Оның энтузиастары Г.И.Белоглазов, тарихшы В.Д.Городецкий, энтолог Б.Н.Дубовицкий болды. Осы топтың бастамасымен туризм және экскурсия қоғамының Қазақ өлкетану кеңесі Әлби Жантелдиннің төрағалығымен құрылды.

1932 жылы Қазақстанның туристік маршруттарының жолсілтегіші басылып шықты. Горельник шатқалында туристер күшімен Алматыдан оңтүстікке қарай 22 шақырым туристер тауда паналайтын бөренеден тұрғызылған баспана

салынды. 1936 жылы осы жерге 50 орындық «Горельник» туристік базасы салынды. 1938 жылы алғаш рет туристердің слеті Көкжайпауда өтіп, оған 200-дей адам жиналды.

Қазақстанның туристік ұжамының жұмысы Ұлы отан соғысы басталысымен тоқтап қалды, себебі оның қызметкерлері мен белсенділері соғысқа кеткен еді. «Горельник» турбазасының үйлеріне 1943 жылдың басынан бастап Кеңес әскерінің таулы жерде атылстардың инструкторларын дайындайтын Бүкілодақтық мектебі орналасты. Соғыстан соң альпинистер мен таулы шаңғышыларының спорттық кадрларын дайындай бастады, ал 1953 жылдан қайта қабылдана бастады. 1952 жылы Бүкілодақтық кәсіподақ Қазақстанда экскурсиялық басқарма ашты. 1958 жылдан бері ол Орта Азиялық туристік-экскурсиялық басқарма деп аталды. Тасты тілің, тауды үңгіп жатқан Бозкөл сарқырамасы да сіздің қиялыңызға қанат бітіреді. Толқындары тастан тасқа секіріп барып омақаса құлап, қайта көкке шапши асқан Асы өзенін бойпай өрлесеніз ежелгі қорғандарды, тақтатастардағы таңбаларды көресіз. Бөрінен де Асының ақбалығын аулап, дәмін татып қайтпасаңыз, «Түрген шатқалында болдым» дегеніңіз бекер.

Шымкент облысының Бұдам шатқалында «Южная», Көкшетау тауларының арасында «Золотой Бор», Ыстықкөлдің жағасында «Қазақстан» демалыс үйлері болды. 1959 жылы «Алматы» турбазасы, ал 1968 жылы Алматы облысы Талғар ауданының «Горный садовод» ауышына жақын орналасқан «Алматау» турбазасы ашылды. «Медеу» мұз айдынының салынуына байланысты «Медеу» және «Алатау» қонақ үйлері жұмыс істей бастады [8].

### 1.3 Қазақстандағы қазіргі таңда кездесетін туристік аймақтар мен туризм индустриясының құрылымы

Қазақстандағы туризмдік аймақтар туралы сөз қозғағанда ойымызға келері тоғыз жолдың торабы – әлемге әйгілі Тау Түрген шатқалы. Алматыдан Шығысқа қарай тау бөктерлеп 90 километр жол жүрсеніз, жаң – жағыңызды ығи да бау – бақша мен терек, қайың, қарағаш, емен, шетеннің жасып жапырағы орап отырады да шыршаны көкке қол созған асқақ таулардың қойнауына кіріп кетесіз. Шатқалға кіргеннен сізді жақтар – жақтар жартастар қоршап алады. Қожыр – қожыр қойтастар арасынан бой көтерген шыршаның түбіне назар салсаңыз, «тастырлы тасты жарып шыққан ба» деп таң қаласыз. 44 шақырымға созылған бұл шатқалдан көкорай шалғын майданды, мөлдірдеген көлдер мен көлшіктерді, тасты тесе, құмды қопара тесіп шыққан тау бұлақтарын көресіз. Ол – ол ма, сіз бұл шатқалда бұрын сонды көрмеген тау сарқырамаларын тамашалау бақытына ие боласыз. Сол сарқырамалардың ішінде биіктігі 30 метрден асатын тік жартастар мен құлама құдары, шыршалар мен қаржайларды аралап өтіп төмен құлаған Аюлы сарқырамасы сіздің есіңізде мәңгі қалуы сөзсіз. Тасты тілің, тауды үңгіп жатқан Бозкөл сарқырамасы да сіздің қиялыңызға қанат бітіреді. Толқындары тастан тасқа

секіріп барып омақаса құлап, қайта көкке шапшы аққан Асы өзенін бойлай өрлесеніз ежелгі қорғандарды, тақтатастардағы таңбаларды көресіз. Бөрінен де Асының ақбалығын аулап, дәмін татып қайтсаныз, «Түрген шатқалында болдым» дегендіз бежер.

Алматыға қайтар жолда Есік қорғанына тоқтайтыныңыз сөзсіз. Өйткені мұнда дүние жүзін аралап шыққан «Алтын адам» табылған қорған бар. «Алтын адам», ол алтын әшекейлермен тігілген сауатымен жерленген сақ көсемінің мәйеті «Есік» қорғаны біздің дәуірімізге дейінгі 5-4 ғасырлардағы сақтар заманына жағады.

Колорадо штатындағы Гранд Каньомен салыстыруға әбден лайық Шарын каньонын көру бір ғанбет болса, Шарын өзені құятын Іле жағалауын тамашалау да сондай бір тамаша құбылыс.

Шарын – Алматы облысының және Ұйғар аудандары жеріндегі, табиғаты өте ерекше, әдемі жер бедері «Шарын каньоны» жарып өтіп ағып жатқан өзен. Іле өзенінің алабында Ұзындығы – 427 км, су жинайтын алабы 7720 км<sup>2</sup>. Шарын өзені Теріскей Алатауды мен Күнгей Алатауындағы мұздықтардан басталып, Шарын селосынан 20 км-дей төмен Ілеге атырау жасап құяды. Аңғары жоғарғы және орта бөлігінде тар шатқалды,

Сөгеті аңғарынан бастап кеңейіп, сәғасына талу батпақты жазыққа еніп, аңғары жоғалады. Мұздық, жауын-шашын суымен қоректенеді. Өзеннің шағын 427 саласы бар, ірілері – Таққарасу, Шалкөдесу, Кеген, Қарқара Суы мол, ағыны қатты. Көлжылдық орташа су шығыны Талдыбұлақ өзені сәғасында 27,5 м<sup>3</sup>/сек, Сарытоғай мекені тұсында 35,6 м<sup>3</sup>/сек. Жайылмасы – шабындық.

Шарынға жетпей оңға бұрылсаңыз тақтақ жол сізді әйгілі Көлсайға бірақ апарарды [6, 102-103 б].

Ал Шарыннан өтіп, Құтық тауын ары асаныз, алдыңыздан мен мұңдалап атақты Қарқара жайлауы көп бұлағайды. Бұл жайлаудан шығысқа қарай жүрсеніз шалғаннан кілем төсел Шөлкөде шақырады. Одан әрі Хан - Төңірін бір көрмей қайтпайсыз.

Шымбұлақ" тау шаңғылық курорты – Іле Алатауы шатқалында 2510 метр биіктікте орналасқан. Таудың кереметтей көрінісі, жұмсақ климаты мен шуағы мол күндердің көп болуы, қар қабатының ұзақ уақыт жатуы, осында туристер мен тау шаңғы спорты әуесқойларын еріксіз өзіне тартады. Шымбұлақты желтоқсаннан сәуір мезгіліне дейін қар басып жатады. Мұнда келіп, шаңғыға алғаш рет тұрғандар да өзін өте ширақ сезінеді. Тау шаңғы спорты сүйетіндерді кез келген қажеттегі және шеберлік деңгейдегі тау баурайлары мен шаңғы трассалары, шапшаңдықпен түсетін және слалом – алыптар трассалары, ыңғайлы көтергіштер, тау шаңғы мектебі қуанта алады.

Курортқа балаларын алып келетін туристерге ыңғайлы болу үшін «теби-лифт» - көтергіш бар балалар алаңы құрылған. Курортта қонақ үй, мейрамхана, боулинг және сауна моншасы бар. Шымбұлақты еш жерде қайталанбайтын ауасы, ерекше рухани күш жайлаған. Мұнда демалыстың басқа түрлерінен гөрі, айдыңдай тайғанақ мұз жолдарын қалайтың, шаңғышылар; шеберлітерімен демінді ішпен алып таң қалдыратын, экстремальды секіретін және қызы

бұрышыстар жасап түстің, батып сноубордшылар келеді. Шуақты күндері Шымбұлаққа мыңдаған демалушылар ағылып келіп жатады. Отырғышы бар көтермелермен Талғар асуына (теңіз деңгейінен 3163 м биіктіктегі) шығуға болады. Бұл кәсіби шағышылардың ұнағанын жері, өйткені мұнда арудан түсетін жер өте тік. Талғар асуына альпинисттер шығарды бағындырады.

Сонымен қатар еліміздің әйгілі мақтаныштарының бірі-солтүстіктегі, Астана мен Көкшетау қалаларының арасында Бұрабай алабы бар. Міне осы Бұрабай аймағы әрқашан өзекті және туризмнің қалыптасуына қазіргі кездегі таң мәселелердің бірі болып табылады. Көкшетау Бұрабай аймағы- Солтүстік Қазақстан аймағының ең әдемі жері, демалуыс орындарының, шипа жайлардың спорт - сауықтыру лагерлердің өлкесі.

Өзінің әсемділігімен, бірегейлігімен Қазақстан, Ресей және ТМД елдерінің түкпір –түкпір жерлерінен он мыңдаған адамдарды баурап алуда. Бұрабай қымыз, балшық емдеулермен және арасан су тоғандарымен әйгілі. Дауалы жердің бір ерекшелігі оның таза ауасымен татырауындардың және қыпқанда ормандардың қанық жұтар иісінде.

Бұрабай - қалықаралық мәнің дауалы жері. Біртұтас дөрагерлер мен демалушылардың айтуы бойынша Бұрабайдың басты елшісі – табиғат. Оның негізгі «бес кабинеті» бар: орман, су, тау, ауа және күн.

Өсімдік және жануарлар әлемінің киелі орны, әсемдік пен көп молдығы Көкшетау Бұрабай аймағының тағы бір әсем аты – ол «Қазақстанның інжу маржаны».

Оңтүстік Қазақстан облысының Төле би, Түлкібас аудандарынан жерінде жатқан теңіз деңгейінен 1500-5000 метр биіктікте жатқан қорықтың мәріктілігін бір сырлы Жетісудың жеті өзені аталатын бастауын Тянь-Шаньнан алатын Ақсу Жабғалы, Майдаңтал өзендерінің кесіп өтерінде жатыр [7].

Аталыны қорықты туристер келетін орын деп айырықша атауымыздың себебі, бұл қорық ЮНЕСКО - ның әлемдік таңдаулы қорықтар қатарына кірген. Жерінің аумағы сексен мың гектар көлеміндегі жер жанатында таулы өңірінде сирек кездесетін шөптер болса, беткейінің қалың шырша мен арша екені көзге шалынады. Шындары шағышысып көз қаритын мұз басқан қорықты қар жарып Ақсу өзені ағып өтеді.

Қазақстанда туризм индустриясының дамуы мемлекеттің бюджетіне қаржы түсіріп, туризммен байланысты және Қазақстан экономикасының басқа саласына қатысты қиын әлеуметтік, демографиялық және басқа мәселелерді шешуге көмектеседі.

Сонымен қатар туризм индустриясы Қазақстан экономикасының басқа салаларына қатысты қиын экологиялық, демографиялық және басқа да туындаған мәселелерді шешуге көмектеседі.

2 Қазақстандағы ішкі туризмнің қазіргі жағдайының негізгі туристік аудандарын және «Амари Тур» туристік фирмасының қызмет көрсетуін экономикалық талдау.

2.1 «Амари Тур» туристік фирмасының сипаттамасы мен қызметінің ұйымдастырылу құрылымына экономикалық талдау жасау

Қазақстан Республикасында ұсынылған туризм даму Концепциясы туризм саласына қатысты қазіргі Қазақстанда бәсекелестік мүмкіншілігін күшейтетін құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерінің ортақ мемлекеттік саясатының қалыптасуын көздеп отыр. Соңғы жылдардың қорытындысы бойынша, 146,9 мың туристер мен экскурсанттарға қызмет көрсеткен 690 мекеме (олардың ішінде – 531 туристік фирмалар) есеп берген (1999 жылғы сәйкестік бойынша 425 мекеме есеп беріп 228,3 мың туристік қызмет көрсетілген).

Туристік фирмалардың көпшілігі Алматы қаласында (356 фирма), Қарағанды облысында (56 фирма), Астана қаласында (48 фирма) және Шығыс Қазақстан облысында (42 фирма) орналасқан. Бұл облыстардың мекемелерімен барлық туристер мен экскурсанттардың 86 пайызына қызмет көрсетілген.

Сондай туристік кәсіпорының бірі, Алматы қаласында орналасқан «Амари Тур» туристік фирмасы. «Амари Тур» туристік фирмасы Жазалкершілігі Шектеулі Серіктестік түрінде ұйымдастырылған. Өз қызметтерін, туристік қызмет нарығын, тұрғындардың қажеттіліктерін ұзақ барлық ұжымның жұмысын ұйымдастырып, фирманың жағдайына және оның қызметіне толықтай жауапты болады. директорға Бас Бухгалтер, басқарушы директор бағынса, бас бухгалтерге бухгалтер, ал басқарушыға Генеральный директорға Бас бухгалтер зерттеудің, жан-жақты туристік сұраулардың, кадрларды мұқият іріктеп алудың және орналастырудың, халықаралық КТГТ туристік көрмесінде шет елдік туристік операторлармен және тікелей келісім шарттар жасаудың нәтижесінде қол жеткізді. Агенттіктің ресми ашылған күні 2007 жылдың 06 тамыз айы.

Туристік кәсіпорының ассортименті әр түрлі және тұрғындардың қажеттілігін қанағаттандырады. Кәсіпорын тұтынушыларға жолдамаларды алды – ала да және қатты керектігіне-таяқ кезде де тауып бере алады.

Кәсіпорының бәсекелестерінен мықты жағы-қызметкерлерінің жұмыс жасау бағыттары нақты анықталып, белгіленіп берілген, әр қызметкер өз жұмысын жақсы біледі.

Бұл бөлімнің негізгі мақсаты, кәсіпорының бөлімдеріндегі персоналдардың жұмыс жасау міндеттері мен ұйымдастыру құрылымын жан-жақты талдау. Негізінен, кәсіпорын алдында тұрған, ұйымдастыру құрылымының мақсаттары мен атқаратын жұмыстары және де оны, ұйымдастыру құрылысының әдістемелік нормаларына баға берілген. «Амари Тур» туристік фирмасындағы басты адам-фирманың иесі. Ол барлық ұжымның жұмысын ұйымдастырып, фирманың жағдайына және оның қызметіне толықтай жауапты болады.

Генеральный директорға бас бухгалтер, басқарушы директор бағынса, бас бухгалтерге бухгалтер, ал басқарушыға – заңгер, құжаттамалар маманы мен клиенттермен жұмыс жасайтын басқарушы, ал оған өз кезегінде – менеджер, хатшылар, тасымалдаушылар мен көлік жүргізушілер бағынады (3-сурет) [11].



3-сурет. «Амари Тур» туристік фирмасының басқарылу құрылымы

«Амари Тур» туристік фирмасы Қазақстан Республикасының Заңнамасы негізінде қызмет етеді және алдына табыс табуды басты мақсат етіп қояды, сонымен қатар:

- заманға сай туристік нарық ретінде, Қазақстанның туризм дамыған аймақтарының беделін кұру, қалыптастыруға көмектерін жасау, Халықаралық туристік нарық жүйесінде Қазақснды интеграциялу және туризм саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- бәсекелестік негізінде туристерге қызмет көрсету сапасын арттыру, туристік кәсіпорындар жұмысында кооперация мен мамандануды тереңдеттіру;
- туризм сферасында кадрлар біліктілігін жоғарылату мен дайындау жүйесін дамыту;
- туризм мен қызмет көрсету саласындағы, әлемдік көшбасшы елдерді тартудың негізінде, жоғары технологияларды ендіру;
- жоба қатысушыларының ұйымдық, интеллектуалдық және қаржылық капиталдарың тиімді пайдалану және осы мақсат үшін, туристерге қызмет көрсетудің барлық сатысын қамтитын, ұйымдық құрылым кұру;

- тұтынушыларға бәсекеге қабілетті қызметтердің ұйымдық және қаржылық формасын ендіру;
- қоғамның тұрмыстық жағдайын көтеру;
- туристік агенттік құратын қаржылық, ұйымдық, материалдық-техникалық және еңбек ресурстарын пайдалануды оптимизациялау.

«Амарн Тур» туристік фирмасының алдына қойылған мақсаттарына сәйкес, келесі міндеттер шешіледі:

- Қазақстан Республикасындағы туристік нарықтың белгілі бір сегментін белдену;
- клиенттерге жоғары сапалы қызметтер көрсету кешені жүйесін құру;
- туристік қызмет облысында жаңа ұйымдық технологияларды игеру.

Кәсіпорын қызметінің құрылымына экономикалық талдау жасау

Жоғарыда айтылған мақсаттарға көл жеткізу үшін және міндеттерді шешу үшін, кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады.

Қызметтің басты түрі, қалықаралық және ішкі туризмнен тұратын туристік қызмет болып табылады, сонымен қатар ол төмендегілерді біріктіреді:

- туристік операторлық қызмет (өзіндік турларды шығару);
- туристік агенттік қызмет (делдалдық қызметтер);
- экскурсиялық қызмет (экскурсияларды ұйымдастыру және өткізу);
- әуе билеттерін сату;
- сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасы рұқсат беретін жаз-келген қызмет түрлері [1], 75-77 б].

Турфирманың қаржылық қорытындысы оның шығындарды төмендетуіне байланысты болады. «Амарн Тур» туристік фирмасының осындай мүмкіндіктерінің қандай екендігін көру үшін, жылдар бойынша айналыс шығындарының құрылымы мен құрамын қарастыру қажет (1-кесте) [12].

1-кесте

«Амарн Тур» туристік фирмасының айналыс шығындарының құрылымы

Айналыс шығындары	2009 жыл		2010 жыл		Ауыспу, теңге
	Сомасы, теңге	Табыстығы үлесі, %	Сомасы, теңге	Табыстығы үлесі, %	
Басқа ұйымдардың қызметтері	331730	5,43	568297	5,7	36567
Автокөлікті жалға алу	96300	1,0	100510	1,02	4200
Еңбегі	6235200	65,2	6275335	61,1	40135
Амортизациялық аударымдар	47550	0,39	48070	0,38	520
Баспа қызмет көрсету бойынша шығындар	86895	0,8	80381	0,82	6314
Жалға алу	840000	8,7	843000	8,5	3000
Кенсе шығындары	49570	0,5	53381	0,5	3811



Коммуналды шығындар	223100	2,2	253123	2,4	30025
Барлығы:	7858170	81,2	7988250	80,5	130080
Табыс (ҚҚС - есептемегенде):	15968515		16210547		242032
Ескерту – әдебиет негізінде автор құрастырған					

«Амарн Тур» туристік фирмасының қызметінің негізгі экономикалық көрсеткіші болып айналыс шығындары табылады.

Туризмде турды қалыптастыруға кеткен шығындар айналыс шығындары деп аталады.

Турагенттіктің айналыс шығындары келесідей негізгі көрсеткіштермен сипатталады:

- айналыс шығындарының абсолюттік сомасы;
- турагенттіктің айналыс шығындарының деңгейі;
- шығын қайтарымдылығы деңгейі;
- айналыс шығындарының рентабельділік деңгейі.

Айналыс шығындарын талдау турфирманың бухгалтерлік және статистикалық қорытындылары және ағымдағы есеп беру материалдары негізінде жүргізіледі.

«Амарн Тур» туристік фирмасының айналыс шығындары бойынша 65 % жуық шығындар еңбек ақыға келеді. Бұл турфирма қызметкерлерінің орташа айлық еңбекақысының жоғарылығымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, турфирма виза мен төл құжаттарды рәсімдеу бойынша қосымша қызметтер көрсетіп, айналыс шығындарын арттырып, әр түрлі туристік қызметтер санын көбейтуде (2-кесте) [12, 15-18 б].

2-кесте

«Амарн Тур» туристік фирмасының қаржылық көрсеткіштерінің деңгейі мен динамикасын талдау

	Көрсеткіштер	2009 жыл	2010 жыл	2008/2009 жылмен салыстырғанда ауытқу, %
1	Табыс (ҚҚС - есептемегенде)	10786	10176	94,3
2	Айналыс шығындары	7737	7638	98,9
3	Өнімді өткізуден түскен табыс	448	369	82,3
4	Басқалық өкілдерден түскен табыс	87,7	86,7	98,8
5	Өткізуден тыс операциялардан түскен табыс пен шығындар сальдосы	137,1	136,9	99,8
	Барлығы: табыс	583	496	85,0

6				
7	Кәсіпорының келісінше қалатын таза пайда	408	377	92
Ескерту – әдебиетінде автор құрастырған				

Кестеден көрініп тұрғандай, барлық туристік фирмада барлық бөлімдер бойынша өсу динамикасы байқалған. Бұл қызметкерлердің еңбекақысының жоғарылауымен байланысты, сонымен қоса, сағылған туристік жолдамалар санының өсуі есебінен болған. Өз кезегінде бұл басқа ұйымдардың, яғни визалық, қонақүй және экскурсиондық қызметтерге кеткен шығындардың өсуіне әкел соқты. Сонымен қоса, кәсіпорын қызметінде жалға алу көлемі де өсті. Кестеден көрініп тұрғандай, қарастырылып отырған кезеңде «Амарит Тур» туристік фирмасының 2010 жылмен салыстырғанда 2009 жылы көрсетілетін қызмет көлемінің 2,8 % арттығырақ екенін көруге болады.

Ал шығындардың 1,5 % - ке артуына байланысты, пайда көлемі 18,7 % - ке өскен, бұл көрсеткіштерді, яғни 2009 жылы қызмет көлемінің артып, керісінше, 2010 жылы төмендеуін кәсіпорын басшылығы әлемдік деңгейдегі дағдарыспен түсіндіреді.

Кәсіпорын жұмысы да, қызметтер де, сұраныс көлемі де, түсетін пайда өткен жылдармен қарағанда анағұрлым төмен болған, бұл көрсеткіш бір осы кәсіпорында ғана емес, барлық туристік қызмет жасайтын отандық туристік ұйымдар мен кәсіпорының статистикалық көрсеткіштерінен көруге болады.

## 2.2 Қазақстандағы ішкі туризмнің қазіргі жағдайы және негізгі туристік аудандарын талдау

Туризм – демалыспен, бос уақытпен, спортпен, сондай-ақ мәдениетпен және табиғатпен тілдесумен тікелей байланысты, жеке және ұжымдық толық жетілудің жолы ретінде жоспарлануы жеке тәжірибеге негізделуі тиіс қызмет.

Туризм – әлемдік экономикада басты рөлдердің бірін атқарады. ДТҰ-ның деректері бойынша ол әлемдік жалпы ұлттық өнімнің бір бөлігін, халықаралық инвестициялардың 11 пайызынан астамын, әлемдік өндірістегі әрбір 9 жұмысшының орнын қамтамасыз етеді. Қазіргі туризм индустриясы ірі жоғары табысты және жоғары деңгейде дамып жатқан халықаралық саудадағы қызмет көрсетулердің бірі. Халықаралық туризм әлемдік экспорт табысының 8 пайызын, экспорттағы қызмет көрсетулердің 37 пайызын алады. Ішкі туризмнен түскен табыс, табыс көлемі бойынша мұнда, мұнай өнімдерін және автомобиль экспорттаудан кейінгі үшінші орынды алады. Қазіргі деңгейдегі жағдай жаңа маңызыдақта да қала бермек. Ал туризмнің өсуіне негізгі себеп болатын, ол туризм әлемдегі дәстүрлі аудандардан басқа, жаңа территориялардың пайда болуы. Осыған байланысты Қазақстанда әлемдік туристік нарықтағы өзінің орнын алып қалуға зор мүмкіншілігі бар. 1993 жылы Қазақстан Республикасы ДТҰ – ға нақты мүше болып кірді [15].

Қазақстанда қазіргі заманғы инфрақұрылым саласының дамуына, соның ішінде туризмге үлкен мән беріледі. Туризм елдің тұтас өндірісінің экономикасына белсенді ықпал етеді. Туризм саласында шаруашылығын жүргізудің субъектілердің құрылуы мен жұмыс істеуі жол көптігінен, халыққа сауда, мәдени, дәрігерлік қызмет көрсетудің дамуымен тығыз байланысты.

Біздің тасарымызға дейінгі үшінші мыңжылдықта басталған Ұлы Жібек Жолының құрылуы мен дамуы Қазақстан ішкі туризмнің тарихи алғы шарттары болып табылады.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы ішкі туристік қызметті реттеумен халықтың тарихи және мәдени мұрасын жаңғырту үшін негіз болып қаланды. Туризмнің тез және тұрақты өсуінің, оның қоршаған ортаға, экономиканың барлық саласына, және мұрамының әл-ауқатына күшті ықпалын назарға ала отырып, үкімет Қазақстанның ұзақ мерзімді даму бағдарламасында туризмді басты сала деп анықтады.

Қазіргі туризм - бұл әлемдік экономиканың құлдырауды білмейтін саласы. Мамандардың есебі бойынша, орташа есеппен, бір шетелдік туристің беретін табысын алу үшін шамамен 9 тонна тас көмір немесе 15 тонна мұнай немесе 1 тонна жоғарғы сортты бидайды әлемдік нарыққа шығару керек. Бұл ретте, шикізат сату елдің энергия көздері азайтады, ал туристік сектор таусыпмайтын ресурстармен жұмыс істейді. Шетелдік экономистердің есебі бойынша 100 мың турист қалада орташа есеппен екі сағат болған кезде кемінде 350 мың доллар немесе адам басына бір сағатта 17,5 доллар жұмсайды.

Сөйтіп, шикізат сату өзіндік экономикалық тығырыққа тірелу болса, ал туризмді дамыту – ұзақ мерзімді экономикалық тиімді болашақ.

Қазақстанда ішкі туризмнің дамуы үшін нормативтік – құқықтық база құрылды. 2001 жылдың маусымында «Қазақстан Республикасында туристік қызмет туралы» жаңа заң қабылданды. Ол Қазақстан Республикасының экономикасының бір саласы ретінде туристік қызметтің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негізін айқындайды.

Заңға сәйкес Қазақстандағы туристік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі принциптері болып: туристік қызметке жәрдем беру және оның дамуына қолайлы жағдайлар жасау, туристік қызметтің басым бағыттарын айқындау және қолдау, сонымен қатар Қазақстан туризм үшін қолайлы ел туралы түсінікті қалыптастыру саналады.

1993 жылы Қазақстандағы туризм индустриясын дамытудың ұлттық бағдарламасы, 1997 жылғы «Жібек жолының тарихи орталықтарын жандандыру. Түркі төңірес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, 1997-2000 жж жеке туризм инфрақұрылымын құру туралы» Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. 1997 жылы 2030 жылға дейінгі туризмді дамыту стратегиясы жасалды (4-сурет) [16].

Елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі

Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгерімі мен жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң ықпал жасайды.

Халықтың жұмыспен қамтылуын көбейтуге көмектеседі, ДТҰ мен Дүние жүзілік туризм және саяхат кеңесінің бағалауы бойынша, туризм өндірісінде құрылатын әрбір жұмыс орнына басқа салаларда болатын бестен тоғызға дейін жұмыс орны келеді екен. Туризм тура немесе жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайды.

4-сурет. Туризм жалпы алғанда, мемлекеттің экономикасына үш оң нәтиже береді

Қазіргі уақытта 2000 – 2015 жылдарға арналған туризмді дамыту жөніндегі республикалық бағдарламаның жобасы жасалған. Бұл бағдарламаның басты мақсаты республикада қазіргі заманға сай жоғары нәтижелі және бәсекеге қабілетті туристік немен құру, экономиканың қосалқы салаларын өркендету. Сонымен қатар ол Қазақстанның ішкі туристік бейнесін қалыптастыруға және нығайтуға бағытталған.

Мемлекет басшысының «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жанару жолында» атты халыққа Жолдауында туристік сектор шикізаттық емес саладағы ел экономикасының мамандануын анықтайтын мемлекеттің ұзақ мерзімге арналған жеті кластерінің қатарында экономикалық басшылықтардың бірі болып белгіленеді.

Қазақстанның мәдени – тарихи және демалыс зоналарын жетілдіру мен сақтауға, саланың ғылыми – әдістемелі қамтамасыз етілуіне, кадрларды дайындауға және қайта дайындауға үлкен мән бөлінетін болады.

Туризм елдің тұтас аудандарының экономикасына белсенді әсер етеді, саласындағы шауашылық жүргізуші субъектілердің құрылу және жұмыс істеуі жол көлігін, сауданы, коммуналдық, тұрмыстық, мәдени, медициналық қызмет көрсетуі дамыумен тығыз байланысты. Сөйтіп, туризм индустриясы басқа экономикалық секторлардың көпшілігімен салыстырғанда көзүрлім пәрменді мультипликативтік тиімділікке ие.

Осындай көрсеткіштерге ие болып отырған туризм саласы Қазақстан Республикасында енді бой көтеріп келеді.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тәтті туристік қызметті мемлекеттік реттеу және қолдау жүйесін дамытудан, қазақстандық туристік өнімнің маркетингінен және ішкеріленуінен, экологиялық туризм – тұрақты даму факторынан, балалар мен жасөспірімдер туризмі – ішкі туризмді дамытудың және туристік мәдениетті тәрбиелеудің негізін қалаушы факторларының бірінен, кадрлар дағындау, туризм қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесінен және туризм саласын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуден, туризмді ақпараттық қамтамасыз етуден, туристер қауіпсіздігін қамтамасыз етуден, туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастықтан және халықаралық маңызы бар туризм саласындағы «белсенді» жобаларды іске асырудан тұрады Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның көрсеткіштері:

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында туристер ағынының тұрақты өсімін былайша қамтамасыз етілді:

1. Бірінші кезеңде (2007 – 2009 жылдар):

- ішкі туризм бойынша 2007 жылғы 3,4 млн. Туристен 2009 жылғы 4,0 млн. Туристке дейін;

- сырттан келушілер туризмі бойынша 2007 жылғы 4,5 млн. туристен 2009 жылғы 6,0 млн. туристке дейін.

2. екінші кезеңде (2010-2011 жылдар)

- ішкі туризм бойынша 2010 жылғы 4,1 млн. туристен 2011 жылғы 4,5 млн. туристке дейін;

- сырттан келушілер туризмі бойынша 2010 жылғы 7,0 млн. туристен 2011 жылғы 9,5 млн. туристке дейін.

Шартты түрде орта есеппен бір шетелдік турист өзінің болуы уақытында бюджетке 63500-ге жуық теңге әкелсе, 2007 жылдан 2011 жылды қоса алғандағы дейінгі кезеңде сырттан келушілер туризмінен бюджетке түсетін түсім 603250 млн. Теңгені құрайды.


Сырттан келушілер туризмі есебінен сонымен қатар, халықтың жұмыспен қамтылуы 2007 жылғы 447,6 мың адамнан 2011 жылғы 590,0 мың адамға дейін қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік бағдарламада көрсетілген шаралар көшенін іске асыру туристер ағынын ел азаматтарының да, шетелден келушілердің де есебінен одан әрі көбейтуге жәрдем ететін болады. Ақырғы нәтижесінде бұл ұлттық тәртіптің тәртіпшілігін елеулі арттыруға әкеледі және Қазақстанның қызмет көрсетулердің халықаралық саудасы шеңберінде халықаралық кәсіпкерлік пен әскери ынтымақтастықтың маңызы саласы ретінде әлемдік туристік нарыққа кіруіне жәрдем ететін болады. Мемлекет экономикасының индустриалды емес секторы ішіндегі біршама кірісті саласына айналуға мүмкіндігі бар, дамыған бәсекеге қабілетті туристік индустрия құрылатын болады. Бұл ретте республикада Қазақстанның орталық азиялық өңірдің туризм орталығына айналуына нақты жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалады.

## 2.3 Қазақстанның қазіргі экономикасында ішкі туризмнің рөлі

Қазақстанда сырттан келушілер бәрінен көп көлемі Астана, Алматы қалаларында, Атырау, Қарағанды және Ақтөбе облыстарында байқалады, бұл ретте іскерлік туризм басым. Танымдық мақсаттарда, яғни экологиялық және белсенді туризмге қатысты Алматы облысы мен Шығыс Қазақстан облыстарына туристердің қызығушылықтары жоғары. Қазақстанның қазіргі таңдағы ең атақты туристік объектілері Бурабай, Алашөл келі, Іле Алатауы, Байырқыр аймағына танымдық турлар, Қалшатай маңындағы турлар, Оңтүстік аймақтардағы тарихи-мәдени рекреациялық орындар және Каспий маңы аймақтары.

Көрсетілген қалаларда, сондай – ақ Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында неғұрлым сыртқа шығушылар туризмі дамыған (5-сурет) [18].




Тігінен: пайыз есебімен; көлденеңінен: туристер саны, пайызбен

5-сурет. Шығу туризмнің үлесі – 55 пайызды, ішкі – 51 пайызды, келу – 3 пайызды құрайды

Ішкі туризмнің бәрінен дамуы Астана, Алматы қалаларында, Шығыс Қазақстан, тұтастай алғанда Қарағанды туризмінен Алматы және Ақмола облыстарында байқалады, республика бойынша туризмнің барлық түрлері мен бәрінен көп туристік Алматы, Астана қалаларында, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Алматы, Атырау және Ақтөбе облыстарында қызмет көрсетілген.

Бұл өңірдегі туристердің сапар мақсаты негізінен іскерлік және кәсіби мақсат, бос уақыт, рекреация және демалыс, сондай – ақ шоп - турлар болып табылады (6-сурет) [18, 47-49 б].



Тізімнен: мың есебімен; көлденеңінен: адам саны

6-сурет. Қазақстан Республикасындағы туризм түрлері бойынша туристік ағын көлемінің өсу суреті (млн адам)

Қазақстан Республикасының статистикалық мәліметтері бойынша, 2008 жылы қаңтар-наурыз айларында елімізде, 78193 туристерге қызмет көрсетілген (осының ішінде туристік кәсіпорындар қызмет көрсеткен 75372 адам немесе туристердің жалпы санынан 96,4 %), бұл дегеніміз 2006 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 5,1 % жоғары.

Қызмет көрсетілетін туристердің саны елімізде соңғы 6 жылда 3 есеге өсті. 1 – картада көрсетілген төменде. Алматы қаласы келетін туристер саны бойынша бірінші орында, 2007 жылы 261529 адам болса, 2008 жылдың бірінші жартысында 34457 адам болды. Одан кейінгі туристер көп келетін аймақтар Астана қаласы (2008 жылы 66155 адам), одан кейін Алматы облысы, Шығыс Қазақстан және Ақмола облысы (3-кесте) [19].

3-кесте

Қазақстандағы қызмет көрсетілген туристер саны

	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010
ҚР	171427	229014	358007	458099	539802	587031	78193

Ақмола	5231	14125	14107	22890	21885	35551	2466
Ақтөбе	2058	2264	3742	5235	5721	6493	754
Алматы	14332	21300	63549	49234	52193	61031	3803
Атырау	1395	1624	2741	18133	2200	2217	195
Шығыс Қазақстан	4313	17597	17875	25452	28617	41426	16745
Жамбыл	2790	5630	12018	6797	7578	12237	1106
Батыс Қазақстан	1762	367	10150	14311	9415	9815	899
Қарағанды	6500	6147	29579	17817	17911	19705	2216
Қостанай	497	1374	1365	3572	7561	9149	1352
Қызылорда	822	271	3188	3573	3996	1281	3
Маңғыстау	7336	7877	4338	10061	14554	10863	2841
Павлодар	1351	4119	6334	5999	12871	12971	1237
Солтүстік Қазақстан	2332	2610	6799	14432	12790	11056	1098
Оңтүстік Қазақстан	2271	4005	8869	4733	5334	5546	1087
Астана қаласы	38918	39499	56407	101351	86141	66155	9954
Алматы қаласы	79319	100205	113946	152509	251035	261529	34457
Ескерту – әдебиет негізінде автор құрастырған							

Кіру туризмі 2008 жылы 10,5% өсті. Ішкі туризмге тоқталсақ, 2007 жылы өткен жылдармен салыстырғанда соңғы жылдары 209143 адамнан 193122 адамға дейін төмендеген (7-кесте) [19, 44-48 б].

Туристік қызметке жасалған талдау Астана және Алматы қалаларына шекараның арғы жағынан келген туристер сапары іскерлік мақсатта болатыны және олар сапалы әрі қызмет көрсетулердің толық жиынтығын ұсынылатын қонақ үйлерге тоқтағанды жөн санайтынының көрсетті. Елдің іскерлік орталықтары ірі қалалардағы халықаралық деңгейдегі қонақ үйлер желісінің одан әрі дамуы дәл осы іскерлік туризмге байланысты болады. Алайда, қонақ үйлерді, пансионаттарды, демалыс үйлері мен базаларын қосқанда орналастыру объектілерінің материалдық базасы, сондай-ақ санаторйлік-курорттық мекемелер моральдық және физикалық тұрғыдан тозудың жоғары шегіне жетуіне сипатталады.

Қазіргі ішкі туризм экономикалық құбылыс ретінде индустриалды формасы бар, ұлттық экономиканың жалдам дамуының катализаторы болып ілгері басып, жаңа жұмыс орындарын береді, ұлттық кірістің өсуіне әсер етеді, жергілікті инфрақұрылымның дамуын және жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін көтереді. Туризм индустриясы инвестицияның жылдам өтелуі мен жоғары дәрежелі тиімділікпен айқындалады.



### 3 Қазақстан Республикасындағы ішкі туризмнің даму болашағы

#### 3.1 Қазақстан Республикасындағы туристік кешенін басқару, туризмді дамыту стратегиясы және мақсаттары мен қағидалары

Бүгінгі таңға дейін туризм саласы мемлекеттік экономикада қаржылай нақты қамтамасыздандырылмаған. Осы себептермен туризм саласын дамыту кейінге қалдырылып отыр. Сонымен қатар, он жыл шамасында халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, бұрынғы Кеңес Үкіметінің оңды байланыстарының үзілуі, оның ішінде бірмелкі туристік кеңістіктің бұзылуы Қазақстанның, соның ішінде Алматы қаласының туризмнің негізін кеміткен.

Сонымен Бірге мемлекеттік деңгейінде туризм дамуының маңыздылығы есептелген. Осыған байланысты Қазақстанда бірнеше шаралар қолданылған еді.

- туризмнің заңи негізін құра бастауы;
- Қазақстан Республикасының азаматтарының шетелге, шетел туристерінің Қазақстанға сапар шегу рәсімдері жеңілдетілген;
- жеке кәсіпкерлікті дамыту мен туризм саласына ірсқанда инвестицияны тарту үшін белгілі жағдайлар жасалған;
- туристік саланы басқарудың мемлекеттік және жергілікті органдар құрылған.

Осылайша, мемлекет тарапынан туризм саласына жеткіліксіз көңіл бөлің, ең алдымен, туризм өнеркәсібіне экономикалық және заңи жағдайларының жасалмауы, туристік саланы дамытқысы келмеуінен емес тарихи, экономикалық және т.б. объективті себептермен түсіндіріледі. Ақырғы кезеңдегі экономикалық және саяси тұрақтылық бұрын шешілмеген мәселелерге қайта оралуға жағдай жасады. Ең алдымен, қолға алынатын мәселелер:

- Алматы қаласының туризмнің толық және біртіндеп дамуы, оның туристік қызмет көрсетудің халықаралық нарығына интеграциясы;
- өзгерген экономикалық жағдайлардағы туризм саласына сай заңи және нормативті-құқықтық негізді жетілдіруді жылдамдату;
- қаланың қонақ үй және туристік кешенінің барлық деңгейіне кадрларды дайындау жүйесін құру;
- жоғарғы сапалы және бәсекеге тұрарлық туристік кешенді басқару құрылымдары мен механизмдерін құру;
- тез өзгеріп отырған жағдайда туристік саланы дамытудағы нағыз приоритеттерді белгілеу.

Қазақстан Республикасындағы туристік қызметті мемлекеттік реттеу

Туризмдегі мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру туристік қызметті жүзеге асырудың өзгерген әлеуметтік-экономикалық жағдайларға толық жауап беретін мақсаттарына, қағидаларына және міндеттеріне сай жаңа көзқарастарды талап етеді. Бүгінгі таңда атқарушы билік органдары мен туризм саласында әрекет ететін ұйымдардың арасындағы өзара іс-қимылды реттеудегі мемлекеттің рөлін арттыру қажет. Саланы орталықтандырып басқару Қазақстан Республикасының Туризм министрлігіне жүктеледі.

Туризмді көшенді дамытудың табысты іске асырылуын қамтамасыз ету саланы мемлекеттік басқару әдістерін дұрыс таңдауға тікелей байланысты. Қазіргі уақытта, саланы мемлекеттік реттеу мынадай шараларды жүзеге асыруға бағытталуға тиіс:

- республикалық және аймақтық деңгейлерде туризмді дамыту саясаты мен жоспарлауды үйлестіру ;
- туристік индустрия саласындағы қарым-қатынасты ретте келтіру мен жетілдіруге бағытталған заңнамалық және нормативтік құқықтық базаны қамтамасыз ету;
- сапалы туристік өнімнің ажырамас бөлігі ретінде туристерді қорғауды және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- статистиканы және зерттеу қызметін жетілдіру,
- білім және оқу стандарттарын қоса алғанда, туризмге арналған кадрларды кәсіптік даярлау;
- туризм саласында мүдделі министрліктер мен ведомстволар, сондай-ақ мемлекеттік және жеке секторлар арасында жоғары деңгейдегі үйлестіруді қамтамасыз ету;
- туризмді дамытудың нақты аудандарында жерді пайдалануды және құрылыс салу нормаларын қолдануды бақылау;
- тарифтерді, туристік ұйымдардың, тасымалдаушылардың қызметін лицензиялауды, туристік объектілердің сапасын және қызмет көрсетудің стандарттарын бақылау;
- ел беделін қалыптастыру, қазақстандық туристік өнімнің маркетингі және жеңілдіктілігі жөніндегі басым шараларды белгілеу, оның ішінде туристік көрмелерді және басқа іс-шараларды ұйымдастыру;
- халық арасында туризм құндылықтарын және қоршаған ортаны қорғауды насихаттау;
- халықтың түрлі әлеуметтік-демографиялық сапаттары мен топтары арасында әлеуметтік туризмді дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;
- визалық және кедендік рәсімдерді барынша оңайлату;
- мемлекеттің туристік көрнекті орындарын құру және қорғау;
- туризм инфрақұрылымының аса маңызды базалық компоненттерін жасау [22].

Туристік қызметті реттеудің тәсілдері

1. туристік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары:

- азаматтардың туристік қызмет саласында демалу, еркін жүріп-түру құқықтарын қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаны қорғау;
- туристерге тәрбие, білім беруге және оларды сауықтыруға бағытталған қызмет үшін жағдайлар жасау;
- саяхат жасау кезінде азаматтардың қажеттерін қамтамасыз ететін туристік индустрияны дамыту;
- туристік индустрияны дамыту есебінен жаңа жұмыс орындарын құру, мемлекеттің және Қазақстан Республикасы азаматтарының табыстарын молайту;

- халықаралық туристік байланыстарды дамыту болып табылады.

2. туристік қызметті мемлекеттік реттеудің басым бағыттары:

- туризмді Қазақстан Республикасы экономикасының жоғары рентабельді саласы ретінде қалыптастыру;
- туристік ресурстарды пайдаланған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін ескеру, табиғи және мәдени мұраларын қорғау;
- балалардың, жасөспірімдердің, жастардың, мүгедектер мен халықтың күн көрісі төмен топтарының арасында туристік және экскурсиялық жұмысты ұйымдастыру үшін жеңілдікті жағдайлар енгізу;
- туристік индустрияны инвестициялау үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- Қазақстан Республикасы аумағында келу туризмімен және ішкі туризммен айналысатын туристік ұйымдарды қолдау және дамыту;
- ішкі және халықаралық туризм қажеттерін қамтамасыз ету үшін туристік қызметтің тиімді жүйесін құру болып табылады.

3. туристік қызметті мемлекеттік реттеу:

- туризм индустриясын, туризмге инвестицияларды дамыту жөніндегі саясатты айқындау;
- туристік қызмет саласындағы қатынастарды жетілдіруге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес туристік қызметті лицензиялау туристік индустрияның қызмет көрсетулерін стандарттау және сертифициқтау;
- бюджеттік заңдарға сәйкес туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға бюджет қаржыларын бөлу;
- туристік қызметті кадрмен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- отандық туристердің, туроператорлар мен турагенттердің және олардың бірлестіктерінің халықаралық туристік бағдарламаларға қатысуына жәрдемдесу;
- ішкі және дүниежүзілік туристік рыноктарда туристік өнімді ұсынуға жәрдемдесу;
- елдің туристік ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануды, есепке алу мен қорғауды қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.
- ішкі туристік қызмет көрсету саласын жетілдіру;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметі:

- Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлейді және оның бюджет заңдарына сәйкес орындалуын қаржыландырады;
- туристік қызмет саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;
- туристік қызметті лицензиялау ережелерін және туристік қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;
- туристер аралауға тыйым салынған объектілер мен аумақтарды белгілейді;
- туристік қызмет саласындағы мемлекеттік инвестициялық саясатты айқындайды;

- туристік қызмет саласындағы ғылыми қамтамасыз етудің мемлекеттік жүзегін құрайды;
- осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен өзінің құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді. [23]

Уәкілетті органның құзыреті:

Уәкілетті орган:

- туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функциясын жүзеге асырады;
- туристік қызмет мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;
- өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді, заңдарды қолдану практикасын жинақтап, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- туристік рынокқа зерттеу жүргізеді, халықаралық туристік рынокта және мемлекет ішінде Қазақстан туралы және оның туристік мүмкіндіктері туралы ақпаратты әзірлеп, таратады;
- өз құзыреті шегінде туристік қызмет саласындағы халықаралық шарттарды әзірлейді, жасасады және орындайды, халықаралық туристік ұйымдарда және туризм жөніндегі халықаралық іс-шараларда Қазақстан атынан өкілдік етеді;
- атқарушы органдардың, меншік нысандарына қарамастан туристік және басқа да ұйымдардың туристік қызмет саласындағы қызметін үйлестіреді;
- туристік қызмет көрсету рыногында бәсекені дамытуға жәрдемдеседі, онда меншік нысанына қарамастан барлық туристік қызмет субъектілері үшін тең жағдайлар жасайды;
- стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп сертификаттау мен стандарттауды реттейді;
- турагенттік, туроператорлық және экскурсиялық қызметті жүзеге асыруға, туризм нұсқаушысы қызметін көрсетуге рұқсат беру арқылы лицензиялауды жүзеге асырады;
- туристік қызмет саласында кадрларды даярлауға, қайта даярлауға, олардың біліктілігін арттыруға қатысады;
- туристік қызмет субъектілеріне олардың қызметін ұйымдастыруға байланысты мәселелерді әдіс-тәсілдік және консультациялық көмек көрсетеді;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де қызметті жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Жергілікті атқарушы орган

- туристік қызмет саласында халықты жұмыспен қамту деңгейі ретінде кәсіпкерлікті дамытып, қолдайды;
- туризмді дамытудың аймақтық бағдарламаларын әзірлеп, орындайды;
- жергілікті туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлеп, енгізеді;

- әкімшілік-аумақтық бірліктердің туристік қызмет көрсету рыногына талдау жасайды;
- әкімшілік-аумақтық бірліктердегі туризмнің дамуы туралы талдау жасап, қажетті мәліметтерді уәкілетті органға береді;
- уәкілетті орган лицензиялау жөнінде өкілеттік берген кезде туризм нұсқаушысы қызметін көрсетуге лицензия беруді жүргізеді;
- туристік қызмет көрсетулерді және туризм объектілерін жарнамалайды, туристік ақпаратты береді, туристік ақпарат орталықтарын құрайды;
- балалар мен жастар лагерлерінің қызметіне жәрдем көрсетеді;
- жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын туристік қызмет саласында кадрларды даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қатысады;
- туристік қызмет субъектілеріне олардың қызметін ұйымдастыруға байланысты мәселелерді әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;
- Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген тәртіппен уәкілетті органға лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы ұсыныс енгізеді;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес туризмді дамыту саласындағы өзге де қызметті жүзеге асырады.

Туризмді дамытудың мақсаттары мен қағидалары

Туризмді дамытудың мақсаты:

- сапасы, халықаралық туристік рынок жағдайында өндiруге, сатуға және бәсекелестiкке төтеп беретiн өнiм өндiруге және сатуға қабiлеттi, рентабельдi туризм индустриясын құру жолымен туризмдi экономиканың табысы жоғары салаға айналдыру;
- республиканың туристік әлеуетін арттыру;
- тарихи-мәдени және табиғи-рекреациялық ресурстарды сақтау және ұтымды пайдалану;
- халықтың барлық жастарының туристік ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету, туристік қызмет көрсетуге деген сұранысты барынша қанағаттандыру;
- тұрғындардың жұмыспен қамтылуын ынталандыру;
- мемлекеттік және жеке кәсіпкерлердің туризм саласындағы өзара бірлескен іс-қимылының тиімділігін арттыру;
- шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту болып табылады.

3.2 Туризм дамуының ғаламданду концепциясын құрастыру және туристік ресурстарды дамытудағы мәселелер, жасалып жатқан шаралар, ұсыныстар

Туризм дамуының ғаламданду концепциясын құрастыру әлемде әлеуметтік мәнге ие, егер де адам дамуының ұзақ мерзімдік болжамын асүйенетін болсақ, онда туризм дамуының максималды дәл ғаламдық концепциясы үшін адам дамуының экологиялық және демографиялық ұзақ мерзімдік болжамдарын анализдеу керек. Ал мұндай ұжас болжамдары әр елдің ғаламдары үзбей зерттел отырады.

Вашингтондық «World Watch» институты өзінің шығарған жылдық «Әлемнің қазіргі жағдайы 1998» атты баяндамасында мынадай ескертудер бар, яғни әлемдік ресурстарды (ирлдану) пайдалану келесі 50 жылдың ішінде бірден көбейеді. Біздің жер шарындағы халық 60%- ға көбейеді деп болжақтауда. Сонда 6 миллиардқа жуық адамға тағы да 3,5 млрд.

Адам қосылады. Бұл өзімен бірге табиғи ресурстар шығынның көлемін үлкейтеді. Баяндама айтылғандай, соңғы 50 жылда әлем өзінің орман массивінің тең жартысын жоғалтып алған.

Әрине экономиканың мұндай саласын қарыштағып дамыту үшін көп көлемде табиғи ререациялық ресурстарды қолдануға тура келеді.

Бұл өз кезегінде маңызды проблемаға айналып отыр. АҚШ– та, Еуропада, Қытайда, Үндістанда, Таяу Шығыста және Африкада су қоры азаюда. Баяндамада әлем елдерін планетамызды қоршаған ортаға қажетті экологияны қарастыруға шақырады. Бұл қазақстан үшін де көкейтесті мәселенің бірі.

Келесі бір адам дамуындағы маңызды, ұзақ мерзімді болжам жер халқының санағы жайындағы демографиялық болжам.

2001 жылы БҰҰ есебі бойынша халықтың саны ұдайы өсіп отырады деп болжаған, яғни 2050 жылды 9,3 млрд– ға және де 2150 жылы 10 млрд. Дегенінде тұрақталады делінген. Бірақ та кейінгі кездері демографтар жиі- жиі мүлдем басқа болжамдар жасап отыр. Әрине бұл демографиялық факторлар туризм индустриясының қарыштап дамуына үлкен әсер етуі сөзсіз, себебі түсінікті де.

Келесі бір адам дамуындағы ұзақ мерзімдік маңызды болжам планетамыздағы ғаламдық тұрақтану. Бұл өз кезегінде туризм дамуының концепциясын нақтылай түсінуге елеулі әсер етеді[25].

БҰҰ–ның 2002 жылы 21- наурызда шығарған баяндамасында Судың Дүниежүзілік күнін атап өту кезінде, егер де дәл қазіргідей сол масштабта әлем суды осылай пайдаланатын болса, 2025 жылы 2,7 млрд. Адам су тапшылығына кезігеді делінген. Тағы 2,5 млрд. Адамның тұрғы суға жетуі шектелген болады.

Ең бір су жетіспеушілік салдарынан дау– жанжал туындайтын әлемдегі аумақтардың бірі Орта Азия. Сондықтан да Сібірлік өзендерінің суын осы аумақтарға бұру мәселесі өте актуалды болып отыр. Бұл мәселе Кеңестік заманда да талқылып, белгісіз себептермен кейінге ысырылып қойды. Қазіргі кезде бұл «өзендерде бұрмау» жобасы Қазақстан мен Орта Азияның қызығушылығын тудырып отыр. Егер де бұл жоба іске асыра болса, онда аумақта тек қана туризм индустриясын дамытып қана қоймай, бірқатар өзекті мәселелердің шешім табары сөзсіз. Халықаралық туризмді мақандар біріншіден қызметтер мен тауарлардың халықаралық саудысының бөлігі ретінде қарастырады. Ол кезегінде халықаралық сауды – салтық теориясының абсолюттық басымдылық теориясын; салыстырмалы басымдылық; факторлардың қарым – қатынасын қатыстырады.

Абсолюттық басымдылық халықаралық туризмде маңызды роль атқарады. Керемет табиғи және тарихи – мәдени ескерткіштер шығу туризмінен басқа елдердің алдында абсолютты басымдылықты байқатады. Абсолюттық

басымдылықты табиғи ескерткіштер бойынша мына топтар көмденеді: Непал, Қытай, Пәкітан (территориясында әлемдегі ең биік шыңдар 8 мың метрден жоғары, оның ішінде Эверест те бар), АҚШ (Гранд-Каньон); Венесуэла (әлемдегі ең биік сарқырама) және т.б.

Абсолюттық басымдылықты тарихи – мәдени ескерткіштер бойынша мына топтар көмденеді: Египет (Гиза – Дажур ауданындағы пирамидалар, ежелгі Фивтер); Греция (Афинадағы Акрополь, Бассәдегі Аполло Эпикурийдің храмы); Франция (Версальдағы сарбақтар мен сарайлар және Фонтенбло); Ресей (Санкт-Петербург, Мәскеудегі – Қызыл алаң және Кремль); Қытай (Қытайдың ұлы қорғаны) және т.б.

Жоғарыда аталып кеткен елдер өздерінің абсолютты басымдылықтарын халықаралық туристік нарықта керемет туристік өнім құрап пайдаланып өз секторын қалыптастырады.

Қазақстанда өзінше орналасқан бірқатар табиғи ескерткіштер кейбір абсолютті басымдылықты көмденеді. Мысалы, әлемдегі ең солтүстіктегі таулы шың Хан – Тәңірі, биіктігі теңіз деңгейіне жеті мың метрден жоғары, әрі Алматы сияқты мегаполистің қасында орналасқан Жақын маңда аэродром болғандықтан Алматыдағы турфирмалардың қызметкерлері Алматыдан альпинистерді вертолетпен 3,5-4,5 сағатта Хан-Тәңірінің астына апаратып алады. Бұл басқа жеті мың метрлік шыңдары бар елдердің алдындағы айқын басымдылық.

XX ғасырдың соңы он жылғында ТМД елдерінде туризм индустриясына келген тікелей инвестицияның көлемі үлкен емес. Сондықтан да мамандардың айтуынша мұндай инвестициялардың нәтижесін әзірге Батыс елдері пайдалануда. Басқаларына қарағанда инвестицияның кең тараған түрі жобаны несиелеу, жобаға біте қатысу, басқаруға келісім-шарт жасау [26].

## Қорытынды

Ішкі туризм, туристердың туған жеріне деген сүйіспеншілігін тудырады, салт-дәстүрмен танысуға мүмкіндік береді және өз мемлекетінің әсем жақтарын ашуға аяқ салысады. Қазақстан Республикасындағы туризм 2008 жылы туристік қызметтер көлемі 66,0 млрд. теңгені құрады немесе 2007 жылмен салыстырғанда нақты өлшемде 22,6 %-ға өсті, соның ішінде туристік фирмалар көрсеткен қызметтер – 15,4 млрд. теңге немесе 15,2%-ға көп, туристерді орналастыру объектілері көрсеткен қызметтер – 50,6 млрд. теңге немесе 25,1%-ға көп. Туристер көбінесе демалу (туристердің жалпы санының 35%) және іскерлік мақсаттарында (58,5%) саяхаттады. Туристік фирмалар мен орналастыру объектілері қызмет көрсеткен туристер саны 4,2 %-ға азайды (2007 жылы – 3,2 млн. адам, 2008 жылы - 3,0 млн. адам). Өткен жылы туризмнің барлық түрлері бойынша туристік ағынның төмендеуі байқалды. Алдыңғы жылмен салыстырғанда 2008 жылдың қорытындысы бойынша шетелге шыққан қазақстандықтар саны - 8,2%, ел ішінде саяхаттайтын туристер саны - 3,8%, келуші туристердің ағыны – 3,5 %-ға азайды.

Қазақстан Республикасында ішкі туризм әлі де болса бір тұтас индустрия ретінде қалыптаспаған. Бірақ туризм саласына мемлекет белсене қатысатын болса, Қазақстан экономикасындағы үлкен табысты шаруашылыққа айналуда болады. Әрине 5 жыл өтсін, 10 жыл өтсін деген ой – пікір болмайды, бірақ осы салада оң өзгерістер қалыптасып келеді, әлемнің туризм саласы дамыған елдерден үйрену керек, өзіміздің мамандарды дайындау қажет және де өзіміздің үйімізге махаббатпен, сүйіспеншілікпен қарауымыз керек.

Толығырақ айтқанда мынандай қорытынды шығаруға болады:

1. Қазақстанда ішкі туризмді дамыту бағытында аса ірі потенциалды мүмкіншіліктер бар, бірақ ішкі туризмнен түскен табыс ұлттық табыстың 0,1%-ын ғана құрайды. Республикамыз көп ғасырлық салт – дәстүріне, ғажал архитектуралық құрылыстарын, қызықты мәдени ескерткіштерге, мұражай жүйелеріне, мәдени мекемелеріне және фольклорлық этнографиялық халықтар ассамблеяларына, есімдіктер дүниесімен жануарлар дүниесіне, климаттық және туристік зоналарына, табиғи ландшафтыларға ие. Соңғы жылдары халықаралық туристік индустрияда көзқарастың оң өзгеру тенденциясы байқалып, яғни халқы тығыз емес және өзіндік мәдени ерекшеліктері бар елдерге қызығушылық байқалып отыр.
2. Қазақстанның туристік дамыту бағыты маусымдық қана, сондықтан біздің туристік фирмалар көрсетіп отырған туристік қызметті диверсификациялау және туристік өнімді модернизациялау керек.
3. туристік өнімнің жылдам қозғалуына жарнама үлкен әсерін тигізеді. Қазақстандық туристік фирмалар бұқаралық ақпараттар жаралдарындағы жарнаманы жақсы қолдануда және де интернетті тиімді пайдалану қажет.
4. туризмнің әлеуметтік мәдениетке әсері зор. Туризм индустриясын дамыту жаңа жұмыс орындарының пайда болуына, шетелдік валютаның мемлекетке түсуінің өсуіне, ірі және кіші мекемелердің дамуына, жергілікті кәсіптік



инфраструктураның жаңартуына, оның ішінде байланыс және сервистің дамуына алып келеді. Осы дамумен жөсілікті, аймақтық және халықаралық экономикалық саяси байланыстарды жақсартады.

5. туризм қоршаған ортаның едәуір жақсаруына әсерін тигізеді, себебі туризм қоршаған ортамен тығыз байланысты.

6. фирмалардың көп бөлігі шығу туризміне жұмыс істесе, кейінгі кезде келу туризміне жұмыс істеуші фирмалар санының көбею тенденциясы байқалуда (90% және 10%).

Қазақстанда туристік индустрияның дамуына мына жолдарды ұғынуға болады:

1. туризмді негізгі экономикалық бағыттарға кісуді.
2. «Қазақстан - 2030» бағдарламасындағы бағыттардың бөлімдерін орындау, оның ішінде туризмге қатысты және «Жібек жолындағы тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыры дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау» Мемлекеттік бағдарламасын орындау.
3. туризм дамуының нормативтік – құқықтық базасын құру.
4. осы салаға инвестиция тарту, салыққа және кедендік жеңілдіктер арқылы ішкі туристік рынокты қолдау.
5. туристік шаруашылықтағы сертификациялаумен лицензиялау саласын қатаң жүргізуді жалғастыру.

Мемлекет экономикасының шикізаттық емес секторы ішіндегі біршама кірісті саласына айналуға мүмкіндігі бар, дамыған бәсекеге қабілетті туристік индустрия құрылатын болады. Бұл ретте республикада Қазақстанның орталықазиялық өндіріс туризм орталығына нақты жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Гуляев В.Г. Новые технологии в туризме. – М.: Приор, 1998 – 123 б.
- 2 Квартальнов В.А. Туризм - М., 2001 ж. – 88 бет.
- 3 Сенин В.С. Введение в туризм. - М., 1993 ж. – 80 бет.
- 4 Квартальнов В.А. Туризм - М.: Финансы и статистика, 2002 ж. – 145 бет
- 5 Ердаuletов С. География туризма Казахстана. – Алматы: Гылым, 1992. – 115 б.
- 6 Ердаuletов С.Р. Казахстан туристский – Алматы, 1989 жыл – 134 б.
- 7 ҚР Туристік қызмет туралы заңы. – Алматы, 2001 – 36 б.
- 8 Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2006-2009 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 9 Жолдасбеков А.А. Пыкарев А.Н. Мамадиаров М.Д. Организационно - правовые основы туристской деятельности в РК // Учеб. метод. пособие – Алматы: Гылым, 1998 ж. – 87 б.
- 10 «Амари Тур» туристік кәсіпорнының құжаттарынан, есеп беру. – М.: 2007-2008 ж. – 146 б.
- 11 Маринин М. М. Туристские формальности и безопасность в туризме. - М.: Финансы и статистика, 2004 ж. – 67 бет.
- 12 Дутсен Г.М. Основы формирования и развития индустрии туризма в Казахстане. – Алматы, 2002. – 23 б.
- 13 Ильина Е.Н. Основы туристской деятельности. - М.: Советский спорт, 2004 ж. – 68 бет.
- 14 Александрова А.Ю. География мировой индустрии туризма – М.: Аспект Пресс, 1998. – 312 бет.
- 15 Биржанов М.Б. Индустрия туризма. - М., 2001 ж. - 132 бет.
- 16 Жукова М. Индустрия туризма: менеджмент организации – М., 2003 ж. – 96 б.
- 17 Квартальнов В.А. Романов А.А. Международный туризм: политика развития. – М.: Советский спорт, 1998 ж. – 131 б.
- 18 Квартальнов В.А. Туристский бизнес и система обучения кадров предприятий обслуживания. – М., 1990 ж. – 214 б.
- 19 Кон В.Л. Услуги и их социально – экономическая роль /Перевод с польского. - М.: Прогресс, 1967 ж. – 228 б.
- 20 Гуляев В.Г. Новые информационные технологии в туризме. – М.: Приор, 1998 – 123 б.
- 21 Пузакова Е.П. Честякова В.А. Международный туристский бизнес. – М.: «Экспертное бюро», 1997 ж. – 239 б.
- 22 О развитии туризма как доходной отрасли Республики Казахстан. Официальные материалы. – Алматы: Раритет, 2001 жыл. – 56 б.
- 23 Румянцева З.П. Саломатина Н.А. Менеджмент организации. – М.: Инфра, 1996 ж. – 214 б.
- 24 Реальные возможности туристского рынка Казахстана. Деловой мир. – Астана, 2000 жыл. - №5. – 56 б.
- 25 Сапрунова В.Б. Туризм: эволюция, структура, маркетинг. – М.: Ось – 89, 1997 ж. – 312 б.